

Қостанай облысы әкімдігінің мекемелері мен ұйымдарында 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Қостанай облысының әкімдігімен өзара іс-қимыл тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 181 және Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы № 3 бірлескен бұйрығы мен қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 11 қазандағы № 1049 қаулысымен бекітілген Ұлттық санақтарды жүргізу қағидасты мен мерзімдерінің 7-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 266-52) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 419 қаулысымен бекітілген 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті БҰЙЫРАДЫ және Қостанай облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысы әкімдігінің мекемелерінде, ұйымдарында 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Қостанай облысының әкімдігімен өзара іс-қимыл тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрық және қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды;

2) осы бірлескен бұйрық және қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрық және қаулыны орындау үшін олардың қатыстылығы бөлігінде лауазымды адамдарға жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрық және қаулының орындалуын бақылау қызметтің тиісті бағытына жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына және Қостанай облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық және қаулы тараптардың соңғысы қол қойған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_____ Н. Айдапкелов

Костанай облысының әкімі
_____ А. Мұхамбетов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2019 жылғы 23 желтоқсан
№181 бірлескен бұйрығымен
және
Костанай облысы әкімінің
2019 жылғы 12 желтоқсан
№ 3 қаулысымен
бекітілді

Қостанай облысы әкімдігінің мекемелерінде және үйымдарында 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезіндегі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Қостанай облысының әкімдігімен өзара іс-қимыл тәртібі

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 маусымдағы № 419 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағы 2020 жылғы 1- 30 қазан аралығындағы кезеңде өткізу мерзімдері (бұдан әрі – халық санағы) және 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бекітілді.

2. Халық санағын өткізу кезіндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі 2019 жылғы 22 тамыздағы № 208 бұйрығымен 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын дайындау мен өткізуге байланысты үйымдастыруышылық және нұсқаушылық мәселелерді шешуге арналған арнайы комиссияға жүктелген, оның құрамына Қостанай облысы әкімдігінен Қостанай облысы әкімінің орынбасары (келісім бойынша) енгізілген.

3. Жоспарға және "2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған санақ парактарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2019 жылғы 7 қазандағы № 11 бүйрығына (бұдан әрі – бүйрық) сәйкес халық санағына үй шаруашылығының құрамына кіретін, елімізде тұрақты тұратын барлық респонденттер (Қазақстан Республикасының азаматтары, шетел азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар), соның ішінде адам саудасының құрбандарын оңалту орталықтарында; әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында; балалар үйінде; дарынды балаларға арналған мектеп–интернаттарда; спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарда; жетім балаларға арналған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттарда; мүгедектерге және (немесе) мүгедек балаларға арналған оңалту орталықтарында; стационарлық көмек көрсететін үйымдарда; сәбілер үйінде; белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарында (соның ішінде тұнде болу бөлімшелері мен мобиЛЬДІ әлеуметтік патруль қызметтері); тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтарында; туберкулезге қарсы мамандандырылған үйымдарда; психоневрологиялық үйымдарда; наркологиялық көмек көрсететін медициналық үйымдарда; халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы медициналық үйымдарда және Қостанай облысы әкімдігінің басқа мекемелері мен үйымдарында (бұдан әрі – мекемелер мен үйымдар) тұратын және (немесе) келген респонденттер, уақытша жоқ адамдар мен уақытша тұратындарды және (немесе) келгендерді (бұдан әрі – респондент) қоса жатады.

Халық санағын өткізу кезінде халықты есепке алу Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 2020 жылғы 30 қыркүйектен 1 қазанға қараған 00:00 сағат сәтіндегі жағдай бойынша жүзеге асырылады.

Халық санағы ақпаратты жинаудың екі әдісін пайдаланумен өткізіледі:

1) Интервьюерлердің респонденттерге 2020 жылғы 1-30 қазан аралығында планшетті пайдалана отырып электрондық санақ парактарын толтыруы арқылы саулаласуы;

2) Халық санағының басталуымен біруақытта 2020 жылғы 1-15 қазан аралығында алғашқы 15 (он бес) күнтізбелік күн халық санағы Интернет желісі арқылы www.sanaq.gov.kz. мамандандырылған сайтында онлайн режимде өткізіледі.

4. Мекемелер мен үйымдарда халық санағын үйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар Жоспардың 2-тармағына сәйкес құрылған 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге жәрдемдесу жөнінде өңірлік комиссияның басшылығымен (бұдан әрі – Комиссия) өткізіледі.

2-тaraу. Қостанай облысы әкімдігінің мекемелері мен үйымдарында халық санағын өткізу тәртібі

1-бөлім. Жауапты қызметкерлер

5. Мекемелер мен ұйымдарда халық санағын тиісті мекеме мен ұйымдардың басшыларының бүйрігімен тағайындалатын халық санағын өткізу бойынша жауапты қызметкерлер (бұдан әрі – жауапты қызметкерлер) өткізеді.

6. Жауапты қызметкерлер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Қостанай облысының Статистика департаменті (бұдан әрі – Департамент) өткіzetін оқыту семинарларында халық санағын өткізуге қатысты барлық мәселелер бойынша оқытудан өтеді.

7. Жауапты қызметкерлер үй-жайлармен және Интернетке шығатын компьютерлермен қамтамасыз етіледі.

2-бөлім. Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және санақ құралы

8. Департамент 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізуге арналған электронды санақ парактарымен (бұдан әрі – санақ парактары) бірге соққыға төзімді қорғаныс қабы, алдын ала орнатылған қауіпсіздік әйнегі, зарядтау құрылғысы, USB шнуры, стилус, портативті зарядтау құрылғысы (USB шнуры бар жиынтықта Powerbank) бар жиынтықта планшеттерді (бұдан әрі – планшет) жауапты қызметкерлерге қабылдау-беру актісі бойынша тапсырады, олар Департаментке халық санағы аяқталғаннан кейін қайтарылады. Сонымен қатар қағаз жеткізгіштерде халық санағын өткізуге қажетті санақ құралдарын (бұдан әрі – санақ құралы) тапсырады:

- 1) 2020 жылы Қазақстан Республикасы халқының ұлттық санағын өткізу кезінде санақ персоналына арналған санақ парактарын толтыру жөніндегі түсіндірмелер;
- 2) халық санағынан өту туралы анықтамалар.

3-бөлім. Халық санағын өткізу кезеңдері

9. Мекемелер мен ұйымдарда халық санағы 2 кезенге бөлінеді:

1) бірінші кезеңде 2020 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша санақтан өтуге жататын респонденттердің тізімі жасалады және Департаментке жіберіледі.

2) екінші кезеңде санақтан өтуге жататын респонденттерге сауал салу және планшеттерде немесе "sanaq.gov.kz" сайтында Интернет желісі арқылы онлайн режимде бірінші кезеңде жасалған тізімдерге сәйкес электронды санақ парактарын толтыру жүргізіледі.

Респондентке сауал салу мүмкін болмаған жағдайда, жауапты қызметкерлер санақ парактарын толтыруға мәліметті мекеменің және ұйымның әкімшілігінен алады.

Интернет желісі арқылы онлайн режимде санақтан өту кезінде санақтан өтуге жататын респонденттер www.sanaq.gov.kz сайтында өз бетінше немесе жауапты қызметкерлердің көмегімен тіркеуден өтеді. Тіркеуден және авторландырудан сәтті

өткеннен кейін электронды санақ параптарты толтырылады. Толтырылған санақ параптарты автоматты түрде Халық санағы деректерінің базасына тұседі.

Планшетте VPN-каналы бар болған жағдайда деректерді жөнелту туралы белгісімен (синхрондау құні мен уақыты) Халық санағы деректерінің базасына бөлінген қорғалған байланыс каналы бойынша алынған деректерді жібереді.

Қашықтыққа немесе орындарда ұялы байланыс желісінің қолжетімділік нұктесінің болмауына байланысты планшеттен деректерді жүктеу мүмкін болмаған жағдайда, деректер USB шнур арқылы Департамент қызметкерінің электронды жеткізгішіне түсіріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК